

ӘОЖ 37.018.43

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Акилбаева Г.И.

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

Көлішбай Алина

4-курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент, Қазақстан

Оралбек Мерей

4-курс студенті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент, Қазақстан

В статье рассматриваются ключевые психолого-педагогические условия, необходимые для успешной адаптации детей с особыми образовательными потребностями в среде общеобразовательной школы. Автор анализирует стратегии инклюзивного обучения и роль командного сопровождения специалистами. Особое внимание уделяется созданию безбарьерной образовательной среды и формированию толерантного отношения в школьном сообществе. Статья направлена на систематизацию методов, способствующих полноценному включению ученика в учебный процесс без потери качества образования.

Ключевые слова: обеспечение равного доступа, психолого-педагогическое сопровождение, адаптация к общеобразовательной школе, создание безбарьерной среды.

Білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңі физикалық, психикалық немесе интеллектуалдық ерекшеліктеріне қарамастан барлық балалар үшін сапалы оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді көздейтін инклюзивті модельге көшумен сипатталады. Қазақстан Республикасында бұл үдеріс заңмен бекітілген және әрбір баланы жалпы білім беру үдерісіне қосу үшін кедергілерді жою ретінде қарастырылады [1].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бұқаралық мектеп жағдайына бейімдеу білімді игеруді ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін арнайы педагогикалық жағдайлар жасауды талап ететін көп қырлы процесс болып саналады. Ерекше білім беру

қажеттіліктері бар балалар деп дамудың бұзылуына, мінез-құлық және эмоционалдық проблемаларға, сондай-ақ қоршаған орта, яғни әлеуметтік, психологиялық, лингвистикалық факторларына байланысты білім алуда уақытша немесе тұрақты қиындықтарға тап болған адамдарды айтады [1].

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес оқушыларға арналған білім беруде қиындықтар туындауына байланысты, оларға арнайы жағдайлар жасалады. Бұған жеке оқу жоспарын және бейімделген бағдарламаларды әзірлеу кіреді. Қазіргі уақытта Қазақстандық білім беру жүйесінде арнайы білім беру жүйесін құру кезінде оқыту шарттары білім беру қажеттіліктеріне назар аудару ұсынылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы мектепке бейімдеудің нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылықтың басты шарттары төмендегідей:

- Оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын бейімдеу;
- Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін бейімдеу;
- Арнайы және балама әдістерді қолданып оқыту;
- Оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу құралдарын дайындау;
- Оқыту формасын таңдау;
- Кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу;
- Компенсаторлық және техникалық құралдарға қажеттілік;
- Арнайы психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмек;
- Педагог-ассистенттің көмегі.

Бейімделудің сәттілігі мұғалімдер мен мамандардың қызметін жүйелі ұйымдастыруға тікелей байланысты, ол «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» ретінде қарастырылады. Оның негізгі шарттары ретінде командалық тәсіл, бейімделу процесіне тек мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар психологтар, логопедтер, арнайы мамандардың қатысуы қарастырылады. Жұмыс кезең бойынша құрылады. Мысалы, баланың сабақтағы қиындықтары туралы ақпаратты ата-ананың бақылауы мен сауалнама арқылы жинаудан бастап балаға арналған жеке жоспарды құруға дейін [1].

Кедергісіз орта құру, бұған тек физикалық қол жетімділік емес, сонымен қатар жеке және топтық сабақтарға арналған арнайы кабинеттердің болуы кіреді.

Отбасымен ынтымақтастық, отбасы әлеуметтенудің негізгі буыны болып табылады. Бейімделудің маңызды шарты – ата-аналардың білім беру процесіне кеңестер мен бірлескен іс-шаралар арқылы қосылуы, бұл баланың қарым-қатынасындағы шектеулерді теңестіруге мүмкіндік береді [2].

Ең маңызды педагогикалық шарттардың бірі - білім беру бағдарламаларының икемділігі. Халықаралық және отандық тәжірибеде бірнеше стратегия бар, аккомодация және модификация: Аккомодация кезінде білім беру стандарттары сақталғанымен, материалдарды беру тәсілі өзгереді. Модификация кезінде баланың интеллектуалды даму деңгейі жалпы

бағдарламаны игеруге мүмкіндік бермесе оқу мақсаттары мен мазмұны өзгереді [3].

Индивидуализация және дифференциация педагогикалық шарттардың қатарына жатады. Дифференциациялау білім беру бағдарламасының мазмұнын сақтай отырып, оқу тапсырмаларының күрделілік деңгейін, көлемін және оқу материалымен жұмыс істеу тәсілдерін өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескеруге және оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған. Ал индивидуализациялау психикалық дамуында ауытқулары бар балалардың білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес жеке оқу траекториясын қалыптастыруды көздейді және оқу жүктемесін жеңілдету мақсатында қолданылады.

Қазақстан мектептерінде қысқартылған және жеке білім беру бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделі отырып әзірленеді. Аталған бағдарламалар оқушының жеке психофизикалық ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін және оқу қарқынын ескере отырып құрастырылады, бұл оның оқу материалын меңгеруіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқулықтар мен оқу құралдарын таңдау білім алушының жеке білім беру қажеттіліктерін, танымдық мүмкіндіктерін және оқу қарқынын ескере отырып жүзеге асырылады. Оқу материалдары мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес болуы тиіс, алайда мазмұны мен ұсынылу формасы оқушының ерекшеліктеріне бейімделеді. Қажет болған жағдайда жеке оқу құралдары әзірленіп, олар визуалды тірек сызбаларымен, жеңілдетілген мәтіндермен, қадамдап түсіндіру элементтерімен толықтырылады. Мұндай тәсіл оқу материалын тиімді меңгеруге және білім алушының оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді [4].

Оқыту формасын таңдау ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының психофизикалық ерекшеліктеріне, білім деңгейіне және әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктеріне негізделеді. Бұл ретте жекелей, шағын топтық немесе аралас оқыту формалары қолданылуы мүмкін. Икемді оқыту формалары оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға және сыныптағы өзара әрекеттестігін қолдауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтену - бұл қоғамның нормалары мен құндылықтарын игеру. ЕБҚБ-дың негізгі проблемасы – «байланыстардың тапшылығы» және «мәдени құндылықтардың қол жетімсіздігі» [5]. Осы кедергілерді жеңудің педагогикалық шарттарына мыналар жатады:

- әңгімелер, семинарлар және әлеуметтік бейнелерді көру арқылы мектеп қауымдастығында толерантты мәдениетті қалыптастыру;
- дені сау құрдастарын психологиялық төзімділікке тәрбиелеу және олардың көмек көрсетуге деген ұмтылысын дамыту;

- мұғалімдерді даярлау: мұғалімдердің инклюзивті оқытуға дайын еместігі көбінесе теріс көзқараспен емес, ерекше оқушыларды бағалаудың нақты критерийлерінің болмауымен және әдістемелік білімнің жетіспеушілігімен байланысты екендігі атап өтілуі керек.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасау үшін мектеп кеңістігінде физикалық кедергілер болмауы тиіс. Ол үшін кіреберісте пандустардың, тұтқалардың болуы және көмек шақыру үшін кіреберіс есікте арнайы қоңырау батырмасының орнатылуы керек. Ішкі навигация бойынша есік ойықтарының ені 90 см-ден кем болмауы және көру қабілеті нашар балалар үшін баспалдақ маршруттарының жиектері сары түсті таңбамен белгіленуі қажет. Мамандандырылған аймақтарды, соның ішінде санитарлық-гигиеналық бөлмелерді, яғни әжетханаларды бейімдеу және сыныптарда тиісті акустикалық жағдайды қамтамасыз ету міндеттеледі [4].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ету үшін компенсаторлық және техникалық құралдарды қолдану маңызды болып табылады. Бұл құралдарға арнайы оқу-әдістемелік материалдар, көмекші техникалық құрылғылар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сондай-ақ оқу материалын қабылдауды жеңілдететін визуалды және аудиалды қолдау құралдары жатады. Аталған ресурстар оқушының функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтіп, білім алу үдерісіндегі кедергілерді азайтуға мүмкіндік береді.

ЕББҚ бар балаларды қолдау жүйесінде психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмектің рөлі ерекше. Бұл көмек баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталады. Кешенді қолдау психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог және сынып жетекшісінің бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-ассистенттің қызметі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда маңызды орын алады. Педагог-ассистент білім алушыға оқу тапсырмаларын орындау барысында жекелей қолдау көрсетеді, мұғалімнің нұсқауларын түсіндіруге көмектеседі, оқу тәртібін сақтауға және сыныптағы әлеуметтік өзара әрекетке бейімделуіне ықпал етеді. Бұл қолдау түрі оқушының дербестігін арттыруға және білім беру сапасын сақтай отырып, оқу үдерісіне тиімді кірігуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қорытындылай келе инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектеп ортасына тиімді бейімдеу жүйелі әрі кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауды талап етеді. Зерттеу барысында оқыту үдерісін даралау мен дифференциациялау, бейімделген және жеке білім беру бағдарламаларын қолдану, компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету, сондай-ақ педагог-ассистенттің

кәсіби көмегін ұйымдастыру инклюзивті практиканың маңызды шарттары екені айқындалды.

Сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарын мақсатты таңдау, жеке оқу материалдарын әзірлеу және икемді оқыту формаларын қолдану білім алушылардың оқу жетістіктерін арттырып, олардың танымдық белсенділігі мен әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізеді. Кедергісіз білім беру ортасын құру мен мектеп қауымдастығында толерантты көзқарасты қалыптастыру әрбір баланың тең қолжетімділік негізінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, инклюзивті білім беру үдерісін ұйымдастыруда білім алушының жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеретін ғылыми негізделген тәсілдерді жүйелі түрде қолдану білім беру сапасын сақтай отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың толыққанды әлеуметтенуіне және табысты оқуына жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. — Астана: ҚР БҒМ, 2019.
2. Алтынбекова Г.К. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау // Педагогика және психология. — 2021. — №3. — Б. 45–52.
3. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. — Алматы: ННПЦ КП, 2019. — 118 с.
4. Олифер О.О. Проблема социализации детей с особыми образовательными потребностями // СибСкрипт. — 2015. — №3.
5. Шевелева Д.Е. Адаптация детей с особыми образовательными потребностями в массовой школе: педагогические и социально-психологические аспекты // Народное образование. — 2020. — №4.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Акилбаева Г.И., Кәлішкбай А., Оралбек М.

В статье рассматриваются ключевые психолого-педагогические условия, необходимые для успешной адаптации детей с особыми образовательными потребностями в среде общеобразовательной школы. Автор анализирует стратегии инклюзивного обучения и роль командного сопровождения специалистов. Особое внимание уделяется созданию безбарьерной образовательной среды и формированию толерантного отношения в школьном сообществе. Статья направлена на систематизацию методов,

способствующих полноценному включению ученика в учебный процесс без снижения качества образования.

Ключевые слова: обеспечение равного доступа, психолого-педагогическое сопровождение, адаптация к общеобразовательной школе, создание безбарьерной среды.

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE ADAPTATION OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN GENERAL EDUCATION SCHOOLS

Akilbayeva G.I., Kolshikbay A., Oralbek M.

This article examines the key psychological and pedagogical conditions necessary for the successful adaptation of children with special educational needs in a mainstream school environment. The author analyzes inclusive education strategies such as accommodation and modification of curricula, as well as the role of multidisciplinary team support provided by specialists. Particular attention is paid to the creation of a barrier-free educational environment and the development of a tolerant attitude within the school community. The article aims to systematize methods that promote the full inclusion of students in the learning process without compromising the quality of education.

Keywords: equal access provision, psychological and pedagogical support, adaptation to mainstream school, creation of a barrier-free environment.

REFERENCES

1. Conceptual Approaches to the Development of Inclusive Education in the Republic of Kazakhstan. Astana: Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 2019.
2. Altynbekova, G. K. (2021). Psychological and pedagogical support for children with special educational needs in inclusive education settings // Pedagogy and Psychology. – No. 3. – pp. 45–52.
3. Eliseeva, I. G., & Yersarina, A. K. (2019). Psychological and Pedagogical Support for Children with Special Educational Needs in General Education Schools: Methodological Recommendations. Almaty: National Scientific and Practical Center for Correctional Pedagogy. – 118 p.
4. Olifer, O. O. (2015). The problem of socialization of children with special educational needs // SibScript. – No. 3.
5. Sheveleva, D. E. (2020). Adaptation of children with special educational needs in mainstream schools: pedagogical and socio-psychological aspects // Public Education. – No. 4.